

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 3 тамыздағы № 230 Қаулысы . Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 29 тамызда № 2097 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 5 шілдедегі № 174 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 05.07.2013 № 174 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 2-тармағының 5-1) тармақшасына, «Балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 қаулысына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Облыстық аудан, қала әкімдіктері осы қаулыдан туындайтын тиісті шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Ә.Қаныбековке жүктелсін.

Облыс әкімі

А.Мырзахметов

О б л ы с ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы " 3 " т а м ы з д а ғ ы

№ 230 қаулысына 1-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Аудандар, қалалар атауы	Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны	республикалық бюджет есебінен	жергілікті бюджет есебінен
1	Арыс	2129	1804	325
2	Бәйдібек	1968	1225	743
3	Кентау	2359	1005	1354
4	Қазығұрт	3561	3061	500
5	Мақтаарал	11423	8638	2785
6	Ордабасы	3531	2355	1176
7	Отырар	2000	1300	700
8	Сайрам	6349	5134	1215
9	Сарыағаш	10142	7300	2842
10	Созақ	1547	702	845
11	Төлеби	4205	2970	1235
12	Түлкібас	3573	2639	934
13	Түркістан	7069	5834	1235
14	Шардара	2895	2143	752
15	Шымкент	25057	7987	17070
	Барлығы:	87808	54097	33711

О б л ы с ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы " 3 " т а м ы з д а ғ ы
№ 230 қаулысына 2-қосымша

Жан басына шағып қаржыландырудың мөлшері

Айына бір тәрбиеленушіге кететін орташа шығыс, теңге		
Балабақша	Мектеп жанындағы шағын орталық	Шағын орталықтар (түзеу үлгісіндегі мектепке дейінгі ұйымдардан басқа)
18375,8	12 122,4	12 257,2

О б л ы с ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы " 3 " т а м ы з д а ғ ы
№ 230 қаулысына 3-қосымша

Ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Барлығы	Күніне бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)	Айына бір баланың тамағына шығын, теңге (көп)
	337,35	7084,35

Ескертпе: Айына бір балаға тамаққа кететін шығын 21 күнге есептелген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК